

Муслимова Қ.С.¹, Садвокасова А.К.²

¹PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: korlan0709@mail.ru

²әлеуметтану ғылымдарының докторы, e-mail: aigul.kaz@yandex.ru
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу
орталығының жетекшісі, Қазақстан, Астана қ.

**АЗАМАТТЫҚ СӘЙКЕСТІЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Соңғы жылдары сәйкестілік проблематикасына ғылымда жоғары көңіл бөлінуде. Біздің зерттеуіміздің бағыттылығын ескере отырып, бізге ең алдымен азаматтық сәйкестілікті әлеуметтанулық талдау тұрғысынан қарастыру негізгі мақсат болды. Қазіргі уақытта ұқсастықтың өртүрлі түрлерінің арақатынасы туралы мәселе ғалымдар арасында қызығушылық тудырып, жан-жақты зерттелуде.

Кез келген мемлекеттің ұлттық саясатының ең басты бағыты – ұлттық және азаматтық сәйкестілікті қалыптастыру болып табылады. Мақалада «сәйкестілік», «азаматтық сәйкестілік» ұғымдарының теориялық негіздеріне сараптама жасалып, белгілі әлеуметтанушылардың теориялары мен қоғамда сәйкестілікті қалыптастыру механизмдері қарастырылған. Бұл мақалада «сәйкестілік» және «азаматтық сәйкестілік» түсініктеріне жүйелі және теориялық талдау жасалды. Мұнда негізгі детерминанттарды зерттеу және осы тұжырымдардың өзара байланысы ұзақ уақыт бойы бірқатар гуманитарлық пәндердің ғылыми қызығушылығы болғандығы қарастырылады. Заманауи қоғамда сәйкестілік проблемасы өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше бұл мәселеге деген қызығушылық өзінің позициясын күшейте түсті. Ғылымда сәйкестілік проблемасын зерттеудің теориялық негіздерін терең түсінуді ғана емес, сондай-ақ олардың маңызды аспектілерін зерттеудің жаңа тәсілдерін іздестіруге де қызығушылық тууда.

Мақалада белгілі батыс және америкалық әлеуметтанушылар мен әлеуметтік психологтардың, глобалистердің, атап айтсақ, З. Бауманның, Э. Тоффлердің, С. Хантингтонның, И. Гоффманның, Э. Эриксонның, З. Фрейдтің, Э. Гидденстің және соңғы кезде өзінің көзқарасымен танымал болып жүрген Роджерс Брубейкердің сәйкестілікке және азаматтық сәйкестілікке байланысты пікірлері зерделенген.

Түйін сөздер: сәйкестілік, азаматтық сәйкестілік, жаһандану, постмодернизм, индивидуализм, фундаментализм, космополитизм.

Muslimova K.S.¹, Sadvokassova A.K.²

¹PhD student, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: korlan0709@mail.ru

²doctor of Sociology sciences, e-mail: aigul.kaz@yandex.ru
head of the Center for the study of interethnic and interreligious relations
of the Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan,
Kazakhstan, Nur-Sultan

Methodological basis of the study of civil identity

In recent years, much attention has been paid to the problems of identity in science. Given the direction of our research, the main purpose of our article was a sociological analysis of civic identity. Currently, among scientists the question of the relationship of different types of identity is of interest.

The main direction of the national policy of any state is the formation of national and civil identity. The article analyzes the theoretical foundations of the concepts of “identity”, “civil identity”, the theories of well-known sociologists and mechanisms of formation of civil identity in modern societies. It also examines the study of the main determinants and the relationship of these findings for a long time had a scientific interest in a number of Humanities. In modern society, the problem of identity has not lost its relevance, on the contrary, interest in this problem has strengthened its position. This led not only to a deep understanding of the theoretical foundations of the study of identity problems, but also to the search for new approaches to the study of their important aspects.

The article presents the views of well-known Western and American sociologists and social psychologists, globalists, namely Z. Bauman, E. Toffler, S. Huntington, I. Hoffman, E. Erickson, Z. Freud, E. Giddens, as well as Rogers Brubaker, who has recently been known for his views.

Key words: identity, civic identity, globalization, postmodernism, individualism, fundamentalism, cosmopolitanism.

Муслимова Қ.С.¹, Садвокасова А.К.²

¹PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: korlan0709@mail.ru

²Доктор социологических наук, руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных отношений Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: aigul.kaz@yandex.ru

Методологические основы исследования гражданской идентичности

В последние годы в науке уделяется большое внимание проблематике идентичности. Учитывая направленность нашего исследования, основной целью нашей статьи было проведение социологического анализа гражданской идентичности. В настоящее время среди ученых вызывает интерес вопрос о соотношении различных видов идентичности.

Главным направлением национальной политики любого государства является формирование национальной и гражданской идентичности. В статье проанализированы теоретические основы понятий «идентичность», «гражданская идентичность», рассмотрены теории известных социологов и механизмы формирования гражданской идентичности в современных обществах. Так же рассматривается изучение основных детерминантов и связь этих выводов в течение длительного времени. В современном обществе проблема идентичности не утратила актуальности, напротив, интерес к этой проблеме усилил свою позицию. Это послужило причиной не только глубокого понимания теоретических основ исследования проблем идентичности, но и поиска новых подходов к исследованию их важных аспектов.

В статье представлены взгляды известных западных и американских социологов и социальных психологов, глобалистов, а именно З. Баумана, Э. Тоффлера, С. Хантингтона, И. Гоффмана, Э. Эриксона, З. Фрейда, Э. Гидденса, а также Роджерса Брубейкера.

Ключевые слова: идентичность, гражданская идентичность, глобализация, постмодернизм, индивидуализм, фундаментализм, космополитизм.

Кіріспе

Әлеуметтік ғылымдарда ұқсастықтың мәні мен қалыптасу процесін түсіндіруге бағытталған көптеген теориялар бар.

Қазақстан полиэтникалық мемлекет болып табылғандықтан еліміздің тұтастығын сақтау – қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі қоғамға тән сәйкестілік өте күрделі кезеңде қалыптасуда. Кейбір мәліметтерге жүгінсек, дамыған мемлекеттердің өзі қазіргі жаһандану кезеңінде өзінің сәйкестілігін ізденуде. Атап айтсақ, Жапония мемлекеті өзінің географиялық және мәдениетіне сәйкес Азияға жатса, ал байлығы мен дамуы жағынан Еуропаға жатады деген мәселе қарастырылуда.

Белгілі ресейлік ғалым Л. Дробижеваның пікірінше, азаматтық сәйкестілік дегеніміз мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз ететін қоғам барометрі болып табылады дейді (Дробижева Л.). Атап айтсақ, азаматтық сәйкестілік

қоғамды бір қалыпта ұстап тұратын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Сонымен, азаматтық сәйкестілікті зерттеудегі кейбір теориялық көзқарастарға тоқталып өтейік.

Негізгі бөлім

Әр түрлі ғылыми пәндерде азаматтық сәйкестілік әртүрлі қарастырылады.

Азаматтық сәйкестілік, біріншіден, индивид үшін маңызды мәні бар сол немесе өзге мемлекет азаматтарының қоғамдастыққа жататынын ұғыну ретінде; екіншіден, жеке сананың феномені ретінде, ұжымдық субъект ретінде осы ортақтықты сипаттайтын азаматтық қауымдастықтың белгісі (сапасы) ретінде анықталады. Бұл екі анықтама индивид және қауымдастық тарапынан бір-бірін жоққа шығармайды, азаматтық сәйкестіліктің түрлі аспектілеріне назар аударады.

Азаматтық сәйкестілікті зерттеудегі кейбір теориялық көзқарастарға тоқталып өтпестен

бұрын «сәйкестілік» («идентификация») ұғымын қарастырсақ, бұл ұғым ұқсастықты білдіреді. Қазіргі кезде бүкіл әлемде жеке және ұжымдық сәйкестіліктер дағдарысы байқалуда. Бұл қоғамның көптеген әлеуметтік үдерістерінің, әдеттегі нормалар мен құндылықтардың құлдырауына байланысты болып отыр.

«Азаматтық сәйкестілік» ұғымының талдауын батыс философтарының, әлеуметтанушыларының, саясаттанушылар мен психологтардың, атап айтсақ Т. Хайдеггер, Ю. Хабермас, В. Хесле, Фукуяма т.б. ойшылдардың полиэтноконфессиялық қоғамдастықтарда бірегейлікті қалыптастыру ерекшеліктеріне, әлеуметтік-мәдени факторлардың қалыптасуымен индивидтердің сәйкестендіру жүйелерінің трансформациялануына жол берген зерттеулерінен көреміз.

Философияда «сәйкестілік» термині Д. Локпен Д. Юмның еңбектерінде алғашқы рет пайда болды, ал кейін бұл ұғым модерндік дәуірдің индивидуализация процесіне сәйкес ғылымда кең тұрғыда қолданыла бастады.

Қазіргі сәйкестілік феноменінің қалыптасуы ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан басталады. Әлеуметтануда бұл ұғымды әлеуметтік агенттердің жеке өздерінің әлеуметтік фактілерінің классификациясын қалыптастырып, ал бұл классификациялар әлеуметтік дифференциацияның формаларымен негізделген. Қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделенуі индивидтің дәстүрлі қоғамның деңгейінен шығып, жіктелудің жаңа негіздеріне ие болды, яғни, мәдени, ұлттық, діни формалары сияқты жіктерге бөлінушілік негіз болды.

Сәйкестілік мәселесі жеке адам үшін де, белгілі бір қоғам үшін де негізгі проблема. Сәйкестілік индивид пен топқа айқындық пен тұрақтылық сезімін алуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, олар үшін шешуші роль атқарады.

«Сәйкестілікті зерттеу» бүгінгі күні тәуелсіз және тез дамып келе жатқан сала болып отыр. «Сәйкестілілік» қазіргі өмірдің көптеген маңызды белгілері қарастырылатын, бағаланатын және зерттелетін объектіге айналды деп айтуға болады. «Бірегейлікті зерттеу бүгінгі күні тәуелсіз және тез дамып келе жатқан білім саласы болып табылғандықтан емес, бірегейлілік қазіргі өмірдің көптеген маңызды белгілері қарастырылатын, бағаланатын және зерттелетін объектіге айналады деп айтуға болады», – дейді Зигмунт Бауман (Бауман, 2005:182).

Ал, Э. Тоффлер болса, сәйкестілік мәселесін зерттей отырып, қазіргі уақытта «...миллиондаған

адамдар өзінің сәйкестілігін немесе оларға қайтадан жеке басын табуға көмектесетін қандай да бір сиқырлы затты іздеумен айналысады, бірден жақындық немесе экстаз сезімін береді және оларды сананың «жоғары» жағдайына алып келеді», – дейді (Тоффлер, 2004:248).

Қазіргі жаһандану кезеңінде көптеген адамдар өздерінің «менін», өздерінің ұқсастығын жоғалтып алды, дегенмен бұған қарамастан адамдардың алдында өзін біреумен сәйкестендіруде таңдау да жеткілікті түрде. Сәйкестілік – адамның өзін-өзі, адамның тұтастығын сезінуін тудыратын механизм. Бірақ бұл механизм адамдардың өз елінің бейнесін, өз мәдениетін қабылдауы кезінде әрекет етеді. Жаһандану үдерістері дәстүрлі өзіндік ерекшеліктерді өзгертіп қана қойған жоқ, сонымен бірге адам санасына да әсер етуде. Көптеген халықтар үшін «біз кім?» деген сұрақ қиын, күрделі, қарама-қайшы проблема болып отыр.

Америкалық ғалым С. Хантингтон өзінің «Біз кім? Америкалық ұлттық сәйкестілікке қарсылық» деген еңбегінде қазіргі жаһандану процесі екі жақты сәйкестілікті тудырып отырғандығын айтады, Мысалы, жапондықтар өзінің географиялық орналасуы, тарих және мәдениетіне сәйкес азия халықтарының қатарына жатса, ал дамуы жағынан атап айтсақ, экономикалық өркендеу, демократия және қазіргі техникалық дамуына орай батыс өркениетіне жататыны туралы пікірлер бар. Ирандықтар «ұқсастықты іздеу үстіндегі халық» ретінде сипатталса, ал Қытай мемлекеті «ұлттық сәйкестілік үшін күрес» жүргізуде. Сарапшылардың пікірінше, Сирия мен Бразилияда «сәйкестілік дағдарысы» орын алса, Алжир сәйкестіліктің «жойқын дағдарысын бастан кешуде». Ресейде «сәйкестіліктің терең дағдарысы» ХІХ-шы ғасырдағы батысшылдар мен славянофилдер арасындағы қақтығысын қайтадан оятты – қарсыластар Ресей елі еуропалық ел ме немесе еуразиялық ел ме деген сұраққа әлі де болса келісе алмауда. Сол сияқты Германияда бүгінгі күні демократиялық батысеуропалық және коммунистік шығысеуропалық екі әртүрлі кеңістікте тұратын адамдар ортақ – «жалпы герман сәйкестілігін» табуға тырысуда. Ал, британдық аралдардың халқы британдық бірегейлікке бұрынғы сенімділікті жоғалтты және ол континентальды еуропалықтарға немесе «Солтүстік Атлант» халықтарға көбірек тартылатынын анықтауға тырысады. Басқаша айтқанда, ұлттық сәйкестілік дағдарысы барлық елдер мен халықтарда байқалады, яғни жаһандық си-

пат алуда, дейді С. Хантингтон (Хантингтон, 2004:16).

Модернизация, әлемдік миграция үрдісі, урбанизация және жаһандану процесі адамдардың өз ұқсастығын қайта анықтауға мәжбүрлеуде.

Бұрынғы уақытта қоғамның белсенді мүшелері мансап жасап, ауылдан қалаға немесе бір қаладан екінші қалаға көшіп, өз елінің ішінде жағдайын жасады. Бүгінгі күні адамдар елден елге қоныс аударуда, соның салдарынан біртіндеп «ұқсастықтан оқшаулануда». Бұл адамдарды С. Хантингтон «бинационалды» немесе «мультиационалды» деп атап, оларды космополиттер дейді (Хантингтон, 2004:18).

И. Гоффман интеракционизмнің теориялық арнасын ұстана отырып, іс-әрекеттің мазмұнына емес, әлеуметтік жүйеде әрекет атқаратын рөлге емес, өзін-өзі көрсету және өзі туралы әсер қалдырудың техникасына назар аударды.

Гоффман, басқалардың және қоғамның алдында күнделікті өмірде өз тұлғасын сақтау үшін адамның қоғаммен, басқа адамдармен өзара байланысына жүгінеді және адамдардың қалай әрекет ететінін зерттейді.

Феноменологиялық әлеуметтанудың басты назарында адамның жеке таңдауының нәтижесі емес, индивидтің мінез-құлқы әлеуметтік тәртіптен туынды ретінде көрсетіледі. Алайда, әлеуметтік сәйкестілікке индивидтің құрылымдық сапасы да, сондай-ақ жеке қасиеттері де кіреді. И.Гоффман сәйкестіліктің үш түрін бөліп көрсетті:

1) әлеуметтік сәйкестілік – өзі тиесілі әлеуметтік топтың атрибуттары негізінде жеке тұлғаны басқалардың типизациялауы;

2) жеке сәйкестілік – адамның жеке қасиеттері мен белгілері;

3) Мен-сәйкестілік – индивидтің өзінің өмірлік жағдайын, өзіндік ерекшелігін субъективті сезінуі Адамның әлеуметтік ортаға берілетін өзі туралы ақпаратқа әсерін И. Гоффман ұқсастықтың саясаты деп атайды (Гоффман).

XX ғасырдың 50-ші ж. бастап Э. Эриксонның еңбегі пайда болған кезден бастап «сәйкестілік» термині танымал бола бастады.

Э. Эриксон бұл терминді ғылыми айналымға енгізе отырып, сәйкестілікті қандай да бір индивидке жататын, адам мен мәдениеттің мәніне негізделген процесс ретінде қарастырды.

Іс жүзінде сәйкестілік – бұл адам мен мәдениеттің сәйкестілігінің белгілі бір түрі.

Азаматтық сәйкестілік индивидтің азаматтық қауымдастықпен мүдделерінің бірлігін белгі-

лейді, сондай-ақ азаматтық қоғамдастыққа ықпал етуге мүмкіндік береді.

Азаматтық сәйкестіліктің құрылымы құрылымдық компоненттерді қалыптастыруды көздейді. Ол компоненттерге когнитивті (танымдық), эмоциялық-бағалау (коннотативті), құндылыққа бағытталған (аксиологиялық), мінез-құлықтық жатады.

Классикалық тұрғыдағы сәйкестілік теориясы XX ғасырдың ортасында Э. Эриксонның психоаналитикалық теориясында қолданылған болатын. Э. Эриксон өзінің теориясының негізіне Зигмунд Фрейдтің психологиядағы динамикалық бағытын алды.

Фрейдтің пікірінше, «эго» – бұл қарама-қарсы психикалық күштердің қақтығысынан туындайды. Сондықтан кез келген психикалық процестерді динамикалық тұрғыда қарастыру керек, дейді (Эриксон, 2006:20). Э. Эриксон бұл динамикалық процесті өзінің сәйкестілік теориясының негізіне алады.

Фрейдтің позициясына сүйене отырып, адамның әлеуметтікке бастапқы қосылуына қатысты, Э. Эриксон, әлеуметтік сәйкестіліктің қалыптасуы адамның топтық тәжірибеге қосылу фактісінен басталатынын айтады (Эриксон, 2006:21).

Әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің материалдарын пайдалана отырып, Э. Эриксон баланы үйрету белгілі бір әлеуметтік жүйеге ену арқылы және оған нақты жүйенің үлгілерін үйрету арқылы жүзеге асады, дейді (Эриксон, 2006:22).

Э. Эриксон екі фундаментальды жағдайға сүйенеді. Біріншіден, әлеуметтік шындықты тарихи трансформациялау процесіне, екіншіден, эго-сәйкестілікті қабылдау жеке құрастыру (конструкт) процесі болып табылады. Э. Эриксон өркениеттің кеңеюі мен дамуы, стратификация мен специализация процестері, балаларды өздерінің эго-модельдерін құруға итермелейді, дейді (Эриксон, 2006:22).

Э. Эриксон «сәйкестіліктің» төрт аспектісін көрсетті.

1. Сәйкестілік – бұл «жеке сәйкестіліктің» саналы сезімі.

2. Жеке тұлға сипатының сабақтастығын сақтауға бейсаналық ұмтылу.

3. Бұл «эго синтездеу бойынша үнсіз жеңістердің» табысын анықтаудың өлшемі.

4. Топтың идеалдары мен сәйкестілігінің ішкі «ынтымақтастықты» сақтауы мен қолдауы.

Э. Эриксонның сәйкестілік теориясының әлеуметтанулық мәні – функционализмнің нор-

мативтік-рөлдік конструкциясына қарағанда еркін тұрғыда болды. Сондықтан, сәйкестілік теориясының дәл осы сапасы оны XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы теориялардың ішіндегі ең маңызды көзқарас ретінде қарастырды.

«Индивидуализация» – бұл XIX ғасырдың 20-шы жылдары пайда болған термин және адамды әлемнің дәстүрлі көріністерінен, құрылымдар мен практикалардан, мәртебелердің аскриптивтік жүйесінен босатып, тұлғаға еркіндік беру процесін білдіреді. Индивидуализация процесінің тарихи тұрғыда орын алуы модерндік кезеңнің пайда болуымен сипатталады. Модернді дамыту индивидуализация процесінің кеңеюіне және тереңдеуіне алып келді, бұл ретте даралану, яғни индивидуализация процесі батыс қоғамдарын рационализациялау және модернизациялау процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жалпы, индивидуализация үрдісі секуляризация, урбанизация, капитализмнің қалыптасуы сияқты үдерістермен қатар жүреді.

Заманауи модерндік қоғамда әлемді басқару және бақылау мүмкін болмады. Модерн дәуірінің басында ресімделген тарихи үдерісті бақылау және оны басқару мүмкіндігі иллюзиясы XX ғ. соңында келмеске кетті. «Әлем біртіндеп көзден таса болуда, – деп жазды Э. Гидденс, – қазіргі әлемді, орнықты және тұрақты деп атай алмайсың, ол үрейге толы және қарама-қайшылықтардан тұрады. Көпшілігіміз өзімізді біреудің қолындағы ойыншық ретінде сезінеміз... біз бастан кешіп жатқан әлсіздік сезімі – өзіміздің әлсіздігіміздің белгісі емес, біздің институттарымыздың іс-әрекетке қабілетсіздігінің көрінісі», – деп тұжырымдайды (Гидденс, 2004: 36).

Әлеуметтік институттардың трансформациялануы индивидтердің сәйкестілігіне әсер етуі туралы неміс әлеуметтанушысы, коммуникативті іс-әрекет теориясының негізін қалаған Ю. Хабермас өзінің «сәйкестілік балансы» деген концепциясын қалыптастырды. Ол сәйкестіліктің тік өлшемі, яғни «нақты индивидтің өмір тарихының байланыстылығы», сондай-ақ көлденең – «индивидке жататын барлық рөлдік жүйелердің талаптарын орындауды» ұсынды. «Индивидтің тарихи өмірінің байланыстылығын» және көлденең – индивидке қатынасты ұсынды. Тек осы өлшемдердің қиылысында ғана жеке және әлеуметтік сәйкестіліктердің жиынтығы ретінде сәйкестендіру мінез-құлқының балансы немесе «Мен-сәйкестіліктің» болуы мүмкін (Хабер-

мас, 1995: 69.) Бұл тепе-теңдікті орнату өзара іс-қимыл техникаларының көмегімен жүзеге асырылады: жеке сала әлеуметтік институттармен диалогтық қатынастарға кірісе отырып, қоғамдық пікірді «артикуляциялайды». Осы тұжырымдаманы сәйкестілікті зерттеуге қолдануда, Ю. Хабермасың пікірінше, егер индивидтер трансформацияланатын институттардың рөлдік жүйесіне ене отырып, өз қызметінің байланыстылығы мен үздіксіздігін сезінуі тиіс. Олай болмаған жағдайда ұқсастық дағдарысқа ұшырайды (Хабермас, 1995: 74).

XXI ғасырдың басты шайқасы, Э. Гидденстің пікірінше, фундаментализм және космополитикалық төзімділік арасында болады. Жаһандану әлемінде ақпарат пен бейнелер үнемі «саяхаттайтын» әлемде, біз басқа адамдармен байланыста боламыз, олар біз сияқты өмір сүрмейді, біз тәрізді ойламайды. Космополиттер мұндай мәдени алуан түрлілікті құптайды және қабылдайды. Ал, фундаменталистер болса, оны қауіпті құбылыс деп санайды. Бұл жерде дін, этникалық сәйкестілік немесе ұлтшылдық туралы мәселе туындай ма (Гидденс, 2004:20).

Жоғарыда аталған үдерістер мен заманауи қоғамның сапасы қазіргі тұлғаның функционалды-құрылымдық рөлдік теориясын тиімсіз етеді, сонымен қатар әлеуметтік әрекет теориясының классикалық нұсқаларының деңгейін төмендетеді. Дегенмен, бұл үдерістер қазіргі социологияда байқалатын сәйкестілік теориясына деген қызығушылықтың жаппай етек алуына әсер етуде. «Сәйкестілік» қазіргі өмірдің көптеген маңызды белгілері қарастырылатын, бағаланатын және зерттелетін объектіге айналды. Қазіргі өмірдің негізгі белгілері «сәйкестілік» ұғымымен байланыстырылады, әлеуметтік ғылымдарды зерделеудің танылған объектілеріне жаңа тұжырымдар беріледі және олар қазіргі «сәйкестілік» осі айналасындағы пікір-таластарға сәйкес келуі керек, – деп жазды З. Бауман (Бауман, 2005: 176).

Сонымен, қазіргі модерндік қоғамдағы болып жатқан өзгерістер Э. Эриксонның сәйкестілік теориясының трансформациялануына және қазіргі заманғасәйкесөзгеруінеалыпкелді. Осыған сәйкес, сәйкестілік концептуализациясының заманауи әлеуметтанулық бағытының дамуындағы үш негізгі теорияны – конструктивистік, постмодернистік және интеракционистік теорияларды атап өтуге болады.

Әртүрлі социологиялық зерттеулерде әлеуметтік конструктивизм көрінісі әртүрлі байқалады. Конструктивизм әлеуметтік сәйкестіліктің

табиғатын түсінудегі негізгі ұстаным ретінде, біріншіден, әлеуметтік бірегейліктің модерндік дәуірінің еуропалық қоғамдарына тән жағдайында ғана тарихи факт ретінде көрінеді. Осыған байланысты оны индивидтің іргелі (фундаментальды) және әмбебап қасиеті деп санауға болмайды, бұл тұрғыда индивид әлеуметтік-тарихи өмірдің барлық нысандарында әлеуметтік сәйкестілікке ие. Сәйкестілік, яғни саналы түрде модерндік дәуіріндегі индивидтің санасында құрастырылады.

Әлеуметтанушылар П. Бергер және Т. Лукман шындықты әлеуметтік құрастыру тұжырымдамасының авторлары индивидтердің әлеуметтік шындықты осы мәдениет контекстінде құрастыратынын және әлеуметтік қарым-қатынас моделін қалыптастыратынын атап өтті. Біз өмір сүріп жатқан шындық, біздің нақты қоғамымыздың шынайылығы. Ол ретке келтірілген әлеуметтік шындық болып табылады және тәртіпке келтіру – бұл адам қызметінің нәтижесі ретінде көрінеді. Шындықты әлеуметтік құрастыру тұрғысынан алғанда, сәйкестілік туралы тек осы қоғамның контекстінде ғана айтуға болады. Сәйкестілік жеке тұлға мен қоғамның диалектикалық өзара байланыстарынан туындайтын және жеке тұлғаны әлеуметтендіру барысында жүзеге асырылатын феномен болып табылады, дейді (Бергер, Лукман, 1995: 117).

Екіншіден, конструктивистік бағыт шеңберінде модерндік және қазіргі заманға тән әлеуметтік сәйкестілікті ресімдеу және іске асыру процесі негізделеді және талданады. Мұндай ұқсастықтың жұмыс істеуінің базалық механизмі ретінде әдетте оның рефлексивті сипаты көрсетіледі (Гидденс, 2004: 38).

Рефлексивтілік индивидтердің модерндік және қазіргі заманғы сәйкестілігін қалыптастырудың барлық аспектілеріне таратылады. Бұл ерекше жағдайда қазіргі индивидтің өзінің «Менінің» қалыптасуына конструктивистік қарым-қатынасы мысалында көрінеді.

Қазіргі социологияда рефлексивтілік мәніне, кейінгі модерндік қоғамдарының қасиеттері ретінде өз сәйкестілігін құру механизмі ретінде Энтони Гидденс алғашқылардың бірі болып қарастырды. Э. Гидденс рефлексивті жоба ретінде сәйкестілік теориясын құрды. Ол қазіргі заманғы, немесе кейінгі әлемдік әлеуметтік институттардың табиғаты мен сипатының теориясымен қатты байланысқан, – дейді Э. Гидденс (Гидденс, 2004: 55).

Заманауи жаһандану үрдісі адамның «ішкі өмірін» және оның ұқсастығын өзгертуде. Қа-

зіргі жағдайда сәйкестіліктің өзгеруі тек «мен» ұғымын құрастыру терминдерінде, өзін-өзі рефлексивті жоба ретінде түсінікті болуы мүмкін. Бұл рефлексивті «мен» жобасы жеке адам сараптамалық және маңызды жүйелер ұсынатын стратегиялар мен таңдау арасында өзінің ұқсастығын таңдауы тиіс, – дейді Э.Гидденс (Гидденс, 2004: 56).

Қазіргі заман Дж. Фридманның ойынша, «тәртіпсіздіктің күшейген заманы» (эпоха «усиливающегося беспорядка») дәуірі, ол жаһандық сипатқа ие, бірақ сонымен бірге жүйелі, яғни ерекше және болжамды да сипатқа ие. Бұл тәртіпсіздік модерндік және сәйкестілік құрылымдарына негізделген, сондықтан төменгі деңгейдегі бірлестіктер интеграциясы күшейіп, жаңа құрылымдар мен саяси одақтар пайда болады, соған сәйкес, жаңа шиеленістер мен сәйкестіліктер қалыптасады, дейді (Friedman, 1993: 205).

Қазіргі заманғы әлеуметтік әлемнің орталық үрдістерін, Фридман, жаһандық және қажетті сипаты бар жалпыға ортақ прогресс идеалының дағдарысымен және тиісті саясаттан ауытқумен байланыстырады. Бұл дағдарыс үстем әлеуметтік форманың бірлігі мен ұқсастықтар иерархиясының ыдырауынан көрініс тапты, дейді. Ұлттық-мемлекеттік сәйкестілікті қалыптастыруға бағытталған саясаттан «жаңа» мәдени сәйкестілік саясатын қалыптастыру бағытына, атап айтқанда мультикультурализация процесімен байланысты «жаңа» сәйкестіліктерді қалыптастыру саясатына бет бұрды. Фридманның пікірінше, аталған процестің орталық проблемасы «этникациялық сәйкестендіру» болып табылады. Негізгі мәселе – ол сананың ерекше конфигурациясына негізделген, тарихқа, тілге, нәсілге сүйенетін әлеуметтік сәйкестіліктің пайда болуы туралы болып отыр. Мұның бәрі – әлеуметтік-конструкцияланатын шындық, бірақ олардың конструкцияланатын сипатын тану, Фридманның пікірінше, жалған немесе идеологиялық екенін білдірмейді. Сонымен қатар, ол этномәдени сәйкестіліктің түпнұсқалығын маңызды әлеуметтік феномен ретінде жоққа шығару қауіпті және ақылға қонымсыз деп санайды (Friedman, 1993: 234).

Модерндік дәуірдің ұлттары көптеген этникалық және мәдени құрылымдарға бөлінуде. Фридман жаңа топтасудың негізі болып табылатын жаңа ұқсастықтардың келесі түрлерін атап өтті: этникалық, ұлтшылдық, діни-фундаменталистік және локальды сәйкестіліктер (Friedman, 1993: 206.) Бұл процесс барлық

жерде, жаһандық сипатқа ие: субнационализм; этникалық және жергілікті қозғалыстар; қақтығыстар мен жергілікті соғыстар; жергілікті сипаттамаларға негізделген, жеке мәдени сана-сезімге ие және ұлттық-мемлекеттік орталықтардан автономияға ұмтылған қауымдардың құрылуы; фундаменталистік діни қозғалыстардың күрт күшеюі және нәтижесі ретінде – модерн жобасының құрамдас бөліктерінің бірін және оған негізделген әлемдік әлеуметтік және саяси тәртіпті құрайтын ұлттық-мемлекеттік қағидатты әлсірету және трансформациялау. Жаһандық тәртіптің бұл трансформациясы жаһандық экономикалық және саяси таптардың пайда болуына және халықтың үлкен топтарының кең ауқымына және көші-қонына алып келеді.

Фридманның позициясын талдай отырып, мынаны көрсету қажет. Ұлттық топтар кез келген ұлттық-мемлекеттік құрылымдар шеңберінде ашық шекаралық қатынас пен өмір сүруге құқық сияқты әрекеттерді талап етеді. Иммигранттық діни және этникалық азшылық топтық ұйымды сақтай отырып, тиісті діни және этникалық бірегейлікті сақтайды, бұл оларға ассимиляция үдерістерінен соңына дейін өтуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, социологиялық зерттеулер көрсеткендей, иммигранттық азшылық үлкен қоғамда ассимиляция процесіне белсенді қарсылық көрсетеді. Олардың үлкен қоғаммен өзара әрекеттесуі күрделі сипатқа ие. Иммигранттық топтар үлкен қоғаммен өзара іс-қимыл жасай отырып, оның «хабарламаларын» қабылдайды, бірақ белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес, оқуға бейім емес болып шығады. Олар бұл әрекеттерді өзінше түсіндіруде. Үлкен қоғамның мәдени-нормативтік жүйесіне олар өздерінің нормативтік-мәдени жүйесі мен бірегейлігін, мәдени нормалар мен кодтарды оқудағы өз тәсілдерін қарама-қарсы қояды және үлкен қоғамның әрбір нормативтік-мәдени жолдауларын жеке нормалар мен кодтар жүйесінде жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Нәтижесінде ұлттық-мемлекеттік аумақтың әмбебап мәдени-нормативтік кеңістігі жойылады, онда өзге мәдени бірлестіктер пайда болады, мағыналық коммуникациялардың бірыңғай жүйесі өзінің маңызын жояды. Осының барлығы саяси үдеріске тікелей әсер етеді, жаңа қарама-қайшылықтар мен қақтығыстар туады. Ал бұл сөзсіз сәйкестіліктің тұтастығы мен интеграциясы үшін кері әсер етеді.

Заманауи қоғамдағы индивидтің жағдайы жаһанданған қоғамның мәніне сәйкес бола-

ды. Жаһандану қазіргі заманғы қоғамдардың құрылымдарына және онда өмір сүретін адамдардың өмір сүруінің барлық кезеңдеріне ашық түрде әсер етеді.

Қазіргі адамның өмірі локалды әлеуметтік құрылымдармен, мәдени дәстүрлермен және жаһандану құрылымдары мен күштер арасындағы диалектикалық қарым-қатынастарға тәуелді болатыны сөзсіз.

Осы тұжырымдамалық перспективада жаһандық «тәртіпсіздік» және тұтас эго-модерннің ыдырауы кезеңінде Зигмунд Бауман өзінің сәйкестілік теориясын құрды. Бауман позициясының ерекшелігі, постмодернистік көзқарасты конструктивистік көзқараспен ұштастыруы болып табылады.

Бауманның пікірінше, модернге дейінгі тарихи кезеңдерде «сәйкестілік» «жеке іс» немесе «жеке қамқорлық» ретінде болған жоқ. Біздің даралығымыз қоғамның өнімі болды, бұл шынайы шындық болды, «...жаңғырту (модернити) әлеуметтік жағдайдың алдын ала анықтығын мәжбүрлеп және міндетті түрде өзін-өзі анықтаумен алмастырады (Бауман, 2005: 182.) XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында модерннің бұл қасиеттері, дараландыру (индивидуализация) және сәйкестілікті қалыптастыру процестері айтарлықтай қарқын алды. Классикалық модерн қоғамындағы адамдар алдында тұрған «өзін-өзі анықтау» міндеті – ол қалыптасқан әлеуметтік типтерге және мінез-құлық үлгілеріне, еліктеуге, үлгілерді ұстануға, мәдени деңгейді арттыру, қатардан қалмау, нормадан алшақтамау болды (Бауман, 2005: 189).

Ағылшын ғалымы, әлеуметтанудағы психоаналитикалық бағыттың өкілі Я. Крейб өзінің «Сәйкестілікті сезіну» атты еңбегінде қазіргі кезеңдегі сәйкестіліктің рөлін сипаттайды. Оның пікірінше, сәйкестілікте рефлексивтілік емес, тәжірибе үлкен рөл атқарады дейді. Тұтас психологиялық кеңістікті қалыптастыра отырып, сәйкестілік тәжірибе арқылы сипатталады, атап айтқанда, сыртқы әлеммен қарым-қатынаста қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі. Сондықтан Гидденстің сәйкестілікті түсіндірудегі рефлексивтіліктің деңгейін жоғары қоюын сынға алды. Я. Крейбтің ойынша, Э. Гидденс сәйкестілікті механикалық тұрғыда түсіндіреді дейді. Я. Крейб сәйкестілікті зерттеудің ең тиімді түрі оны пәнаралық, яғни психоаналитикалық әлеуметтану мен сезім әлеуметтануы (социология эмоция) аралығында қарастыру керек деп тұжырымдайды (Craig, 1998).

Мысалы, Р. Дженкинс болса сәйкестіліктің әлеуметтік, нормативті аспектісіне баса назар аударады. Бұл ретте сәйкестілік ұғымы мен әлеуметтік сәйкестілік бір-біріне сәйкес келеді. Р. Дженкинстің пікірінше, сәйкестілікті басқа адамдармен өзара қарым-қатынастың қорытындысы ретінде қарастыру керек, бірақ бұл тұтастай суреттің жартысы ғана дейді. Біз әртүрлі әлеуметтік сәйкестілікті иеленеміз, ал қандайда бір әлеуметтік сәйкестілікті (an identite) жоғалтуымыз мүмкін, бірақ өзіміз жеке сәйкестілігімізді (my identity) ешқашан жоғалтпаймын. Менің сәйкестілігім өзіммен бірге бола отырып, менің әлеуметтік сәйкестілігімді қалыптастырып, біріктіреді (Jenkins, 1996). Ал кейбір зерттеушілер болса қазіргі қоғамдағы жағдай әлеуметтік өмірде бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді ашып, адамдардың да өзгеруіне ықпал етуде. Әлеуметтік өзгерістер адамдардың санасына ықпал ете отырып, әлеуметтік кеңістікте тұлғаның жеке басының сәйкестілігінің өзгеруіне әкеліп отыр. Қазіргі кезде адамның сәйкестілігі бұлыңғыр, виртуалды түрге айналуға дейді (Gergen, 1991).

Постмодерндік әлеуметтануда сәйкестілік дискурсивті түрде қалыптасады, яғни сәйкестілік дискурстар арасындағы жіктер сияқты дейді С. Холл. Жеке дискурстарды әлеуметтік субъект ретінде қарастыра отырып және субъектілерді қалыптастыратын үрдістер арасындағы байланыспен сипаттап, сәйкестілікті субъективті позицияға уақытша тіркейтін нүктелер, олар бізге дискурсивті тәжірибелерді қалыптастырады деп тұжырымдайды (Hall, 1996).

Соңғы кезде ғылымда Роджерс Брубейкердің «Топсыз этнос» деген еңбегіндегі сәйкестілік ұғымына үлкен мән беруде. Оның пікірінше, бұл термин қазіргі саясаттағы негізгі басты ұғым болып табылады. Америкалық социолог Роджерс Брубейкердің «Сәйкестіліктен тыс» («За пределами идентичности») атты маңызды мақаласы бар (ол «Топсыз этнос» атты жинағына кірді). Брубейкер «сәйкестілік» терминінің өзі 1960 жылдары АҚШ-та әлеуметтік теория тілінде белсенді түрде қолданыла бастады және сол жерден саясатқа келеді деп тұжырымдайды (Брубейкер, 2012: 64).

Брубейкер «ұқсастық» трактовкасының екі тобы бар деп есептейді. Біріншіден, қатты немесе эссенциалистік деп атауға болады (ағылш. «мән», (essence – «мән»), яғни әр адамның сәйкестілігі ол бастапқыда оны түсінбесе де белгілі бір топтың өкілі ретінде алдын ала анықталған, дейді. Ал бұл ұғымның екінші

тобы жұмсақ немесе конструктивистік деп аталады – бұл 1990 жылға қарай қалыптасты. Бұл бағыт бойынша, адам жаңа әлеуметтік және ақпараттық кеңістікте өмір сүре отырып, көптеген әлеуметтік әлемдерге тиесілі және контекстке байланысты оның өзі туралы түсінігі әркез өзгеріп отырады. Сондықтан сәйкестілік дегеніміз, Брубейкердің пікірінше, өте икемді, өзгермелі келетін, ұстатпайтын, бірақ адамда бар болғанымен оны көрсетпейтін перформативті образ болып табылады. Адам бастапқыда өзінің ұқсастығы бар деп ойламайды, бірақ кейбір тілді қабылдай отырып, өзін белгілі бір жолмен ұқсастығын сезіне бастайды.

Брубейкердің ойынша, бұл ұғымды жұмсақ трактовка арқылы түсіндіргенмен «сәйкестілік» трактовкасы түсініксіз ұғым дей отырып, ол басқа теориялық ұғымды табуды ұсынады. Ол психологиядағы және басқа әлеуметтік ғылымдарда қолданылған «идентификация» түсінігін қолдануды ұсынады (Брубейкер, 2012: 78).

Мемлекет халықты ұлттық, нәсілдік және гендерлік белгілері бойынша категорияларға бөлуді ұнатады. Брубейкер бұл процесті және азаматтардың мұндай бөлінушілікке деген реакциясын талдауды ұсынды. Бұл категориялар әрқашан бейтарап па? Қандай жағдайларда олар теріс мәнге ие болады? Адамдар қай кезде мемлекет ұсынатын категорияға енуге келіспейді? Зерттеуші басымдықтың орнына категориялаудың басқа жүйесін ұсынатын топтар әрдайым табылады деп санай отырып, АҚШ-та «blacks» ұғымы анық себептермен теріс коннотациялар алып келген кезде, 1960-шы жылдары оны «Black is beautiful» қозғалысын ойлап тапты дей отырып, бұл саяси процестің мәні, дейді (Брубейкер, 2012: 114).

Сонымен, «Мен кім?» – деген сұраққа жауап, соғыс пен тұрақтылықты туындатады, мемлекеттердің ыдырауына және олардың пайда болуына әкеледі. Бұл сұраққа жауапты қайта құру жолында тұрған халықтар ғана емес, тарихы ғасырлар бойы дамып келген, шекарасы тұрақты, салт-дәстүрлері өзгермейтін халықтар да жауап іздейді. Сәйкестендіру (идентификация) – мәңгілік қозғалтқыш, тұрақты түрлендіру және қайта ойлау. Сәйкестілік (идентичность) – бұл «мен кім?» деген ең қарапайым және ең қиын сұраққа жауапты. Егер идентификация – бұл қайталау болса, ал «сәйкестілік» өзінің ұқсастықтығын табу, ол өткенді еске түсіріп, оны әрі қарай жүзеге асыру. Мұндай түсінік этникалық, ұлттық, мемлекеттік сияқты

«ұжымдық» сәйкестіліктер үшін, әсіресе әділ ұсыныс болып табылады.

Бір теоретиктер, қазіргі кезде «сәйкестілік» шекарасы біртіндеп ыдырап, адамдар, ұлттар, топтар арасындағы айырмашылықтар, белгілер, салт-дәстүрлер өзінің маңызын жоюда десе, ал екінші бір зерттеушілер, керісінше, заманауи қоғам адамдарды өздерінің тобына немесе діні, мәдениетіне байланысты біріктіруде дейді. Бұл проблема қазіргі кезде әлемдік әлеуметтанушылардың, саясаттанушылар мен антрополог ғалымдардың арасында пікірталас тудырып отыр.

Қорытынды

Сонымен, қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістер сәйкестілік теориясының трансформациялануына және қазіргі заманға сәйкес оның мәні мен мазмұнының өзгеруіне алып келді. Осыған сәйкес, сәйкестілік концептуализациясы өзінің бұрынғы сипатынан арылып, заманауи модерндік сипатқа ие болды. Ол сипатын әртүрлі социологиялық теориялардан байқаймыз. Конструктивизм әлеуметтік сәйкестіліктің табиғатын түсінудегі негізгі ұстаным ретінде, біріншіден, әлеуметтік бірегейліктің модерндік дәуірінің еуропалық қоғамдарына тән жағдайында ғана

тарихи факт ретінде көрінеді дей отырып, сәйкестілікті саналы түрде модерндік дәуірдегі индивидтің санасында құрастырылады десе, ал келесі теория жаһандану қазіргі заманғы қоғамдардың құрылымдарына және онда өмір сүретін адамдардың өмір сүруінің барлық кезеңдеріне ашық түрде әсер ете отырып, индивидтің адамның өмірі локалды әлеуметтік құрылымдармен, мәдени дәстүрлермен және жаһандану құрылымдары мен күштер арасындағы диалектикалық қарым-қатынастарға тәуелді болатынын айтады.

1970-80 жылдардағы мигранттарға қатысты пікірталастарда «сәйкестілік дағдарысы» ұғымы жиі пайдаланылды, атап айтсақ, адам бір қауымдастықтан кетіп, екінші қауымдастыққа ене алмаған кезде орталық аралықта болды, осыған сәйкес 1990 жылы бұл ұғымды «гибридтілік» ұғымының ауыстыруы, адамның бірден бірнеше әлемге тиесілі болатынын сипаттады. Ағылшын тілінде «hyphenated identity» термині бар – «дефис арқылы сәйкестілік», мысалы, афроамериканец, британдық афрокарибец, неміс түрігі сияқты. Бұл ұғымға сәйкес ғылымда көптеген теориялар болғанымен, «сәйкестілік» проблемасы қазіргі таңда жан-жақты зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

- Дробижева Л.М. Теоретические проблемы изучения гражданской идентичности и социальная практика // <http://www.perspektivy.info>
- Бауман З. Индивидуализированное общество. – М., 2005. – С. 390.
- Тоффлер Э. Третья волна. – М.: ООО «Фирма «Издательство АСТ», 2004. – С. 345.
- Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности / С. Хантингтон – М.: «АСТ», 2004. – (Геополитика (АСТ)) с.635
- Гоффман И. Стигма: заметки об управлении испорченной идентичностью [Электронный ресурс] / пер. М.С. Добряковой. Ч. 2. Контроль над информацией и социальная идентичность // Социологический форум. 2001 URL:https://www.hse.ru/data/2011/11/15/1272895702/Goffman_stigma.pdf (дата обращения: 31.01.2019).
- Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: пер. с англ. – М., 2006. – 352 с.
- Хабермас Ю. Демократия. Разум. Нравственность. – М.: Academia, 1995. – 244 с.
- Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. – М.: «Медиум», 1995. – 323 с.
- Гидденс Э. Ускользающий мир. Как глобализация меняет нашу жизнь. – М., 2004. – 120 с.
- Friedman J. Order and disorder in global systems: A sketch // Social research. – N.Y., 1993. – Vol.60, no 2. – P.205-234.
- Craib I. Experiencing Identity. London: Sage, 1998.
- Jenkins R. Social identity. London: Routledge, 1996.
- Gergen K. The saturated Self. New York: Basic Books, 1991.
- Hall S. Introduction: Who needs identity? // Questions of cultural identity / Ed. by S. Hall, P. Du Gay. London: Sage, 1996.
- Брубейкер Р. Этничность без групп [Текст] / пер. с англ. И.Борисовой; Нац. Исслед. ун-т ВШЭ. – 2012. – 408 с.

References

- Bauman Z. (2005) Individualizirovannoe obshestvo [Individualized society], 390 p.
- Berger P., Lukman T. (1995) Social'noe konstruirovaniye real'nosti [Social construction of reality]. Treatise on sociology- knowledge GII. – M.: "Medium", 323 p.
- Brubaker R. (2012) Etnichnost' bez grupp [Ethnicity without groups] [Text] / lane. with English. I. Borisova; National. Research. University of Economics, 408 p..
- Craib I. (1998) Experiencing Identity. London: Sage, pp 219 – 258.
- Drobizheva L. M. Teoreticheskie problemy izucheniya grazhdanskoj identichnosti i social'naya praktika [Theoretical problems of studying civil identity and social practice] [online resource] Retrieved from: <http://www.perspektivy.info> (access data: 26.09.2019)
- Erikson E. (2006) Identichnost': yunost' i krizis [Identity: youth and crisis: per. s angl.]. 352 p.
- Friedman J. (1993) Order and disorder in global systems: A sketch. Social research. N.Y., Vol.60(2), pp 205-234.
- Gergen K. (1991) The saturated Self. New York: Basic Books, 320 p.
- Giddens E. (2004) Uskol'zayushchij mir. Kak globalizatsiya menyaet nashu zhizn' [The Elusive world. How globalization is changing our lives]. M., 120 p.
- Goffman I. (2001) Stigma: zametki ob upravlenii isporchennoj identichnost'yu [Stigma: notes on the management of spoiled identity] [Electronic resource] / lane, M. S. Dobryakova. Part 2 control over information and social identity //Sociological forum. Retrieved from: URL:[https:// www.hse.ru/data/2011/11/15/1272895702/Goffman_stigma.pdf](https://www.hse.ru/data/2011/11/15/1272895702/Goffman_stigma.pdf) (date accessed: 31.01.2019).
- Habermas, Yu. (1995) Demokratiya. Razum. Nравstvennost' [Democracy. Mind. Morality]. Moscow: Academy, 244 p.
- Hall S. (1996) Introduction: Who needs identity? Questions of cultural identity.Ed. by S. Hall, P. Du Gay. London: Sage, pp. 9-17.
- Huntington, S. (2004) Kto my? Vyzovy amerikanskoj nacional'noj identichnosti [Who are we? Challenges of American national identity]. S. Huntington "AST", 635 p.
- Jenkins R. (1996) Social identity. London: Routledge, 246 p.
- Toffler A. (2004) Tret'ya volna [The Third wave]. M.: ООО "Firm "Izdatelstvo ACT", 248 p.